



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



**«Ә. БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ»** атты
Республикалық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 4 қараша, 2016 жыл



МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-теоретической конференции
**«А. БУКЕЙХАН И ПРОБЛЕМЫ
НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО
ДВИЖЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ»**

Алматы, Казахстан, 4 ноября 2016 года



MATERIALS

of the Republic scientific and theoretical conference
**«A. BUKEIKHAN AND PROBLEMS OF THE
NATIONAL-LIBERATION MOVEMENT IN KAZAKHSTAN»**

Almaty, Kazakhstan, 4 November 2016

Жалпы редакциясын басқарған

Мұтанов Ғ.М. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редакторлар:

Рамазанов Т.С. – ҚазҰУ, ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі
Кәрібаев Б.Б. – Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі

Құрастырушы

Байдавлетова М.Д. – Қазақстан тарихы кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыс жөніндегі орынбасары, PhD

«Ә. Бөкейхан және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдар жинағы. – Алматы, 4 қараша 2016 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 165 б.

ISBN 978-601-04-1906-3

«Ә.Н. Бөкейханның 150 жылдығына», «1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліске 100 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл» толуына орай ұйымдастырылып отырған конференция материалдарының жинағына шетелдік және отандық ғалымдардың қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы ұлт-азаттық қозғалыстар мен олардың жетекшілері туралы және Ә.Бөкейхан мен XX ғ. басындағы қазақ ұлтының саяси қайраткерлерінің өмірі мен саяси-қоғамдық қызметтері туралы зерттеулері топтастырылды.

Жинақ тарихшы мамандарға, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне және тарихқа қызығушылық білдіретін көпшілік қауымға арналған.

Баяндама мәтіні мен мазмұнындағы қателер үшін автор жауапты.

ISBN 978-601-04-1906-3

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

МАЗМҰНЫ:

АЛҒЫ СӨЗ Ғ.М. Мұғанов	3
-----------------------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Әбжанов Х. «Мәңгілік ел» идеясы: тарихы, мәні, маңызы	4
Ислам Жеменей. Тәуелсіздік киесі және тарих	7
Абдиров М.Ж. Восстание 1916 года в контексте мировой и региональной истории	9
Нәбижан Мұқаметханұлы. Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы және мемлекеттік мәдениетті дамыту мәселесі	16
Омарбеков Т. 1916 жыл: зерттеушілердің бұрынғы және бүгінгі көзқарастарындағы сабақтастықтар және ерекшеліктер	18
Жұмағұлов Қ.Т. Өткен ғасырдың басындағы қазақ зиялылары және түркі тарихының мәселелері жөнінде	23
Қалыш А.Б. Отбасы-некелік өмірдегі ажырасу факторлары	27
Дүйсембаева Н.Б. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан ғылымының насихатталуы	31
Кәрібаев Б.Б. «Мәңгілік ел» идеясы және отандық тарихтың өзекті мәселелері	35

СЕКЦИЯЛЫҚ МӘЖІЛІСТЕР

БІРІНШІ СЕКЦИЯ / ПЕРВАЯ СЕКЦИЯ

Ә.Бөкейхан және XX ғ. басындағы ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметтері / А. Букейхан и общественно-политическая деятельность казахской национальной интеллигенции нач. XX в.

Құрманғалиева-Ержиласун Г. Ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің күрескерлігіне салыстырмалы талдау: Әлихан Бөкейхан және Ататүрік	39
Түрсүн Х., Таракчы В. Әлихан Бөкейханов және Түркістан мәселелері	40
Қаражан Қ.С. Тәуелсіздік жолындағы Алаш зиялыларының күресі	43
Мұхатова О.Х. Қазақ зиялылары өкілдерінің тарихи көзқарастары	46
Нұрымбетова Г.Р. Ораз Жандосовтың қоғамдық-саяси қызметі	49
Сайлан Б. Садықбек Сапарбекұлы: қысқа ғұмыр	54
Жанбосинова А.С. Алихан Букейханов – к горизонтам независимости	56
Қозыбақова Ф.А., Рвайдарова Г.О. XX ғасыр басындағы жер мәселесі	61
Муканова Г.К. Центральная Азия и деколонизация: к общности методологии этнических СМИ, начало 20 в. («Айкап»)	66
Удербасова С.К. Алихан Букейханов – «қыр баласы»	71
Батырбекқызы Г. Назир Торекулов и национальная интеллигенция в период освободительного движения 1916 года	73
Арапов Ж.М. Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ» газетіндегі отырықшылық мәселесіне байланысты көзқарастары	77
Сайынова Б. Ә. Бөкейханов – Ф. Щербина экспедициясының белсенді мүшесі	79

ЕКІНШІ СЕКЦИЯ / ВТОРАЯ СЕКЦИЯ

1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс және ұлттық мемлекет құру жолындағы күрестер / Национально-освободительное восстание 1916 г. и борьба за обретение независимости государства

Қундақбаева Ж.Б. Новые подходы и новые пути изучения восстания 1916 года	81
Нуртазина Н.Д. Исторические предпосылки борьбы за независимость: религиозно-культурная политика русского царизма и советской власти	83
Мийманбаева Ф.Н. Жизнь русских переселенцев в Семиречье после восстания 1916 года	87
Смағұлов С. 1916 жылғы Жетісудағы Қастек көтерілісі	90
Хақан Ас. Қоңырқожа Қожықовтың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі қызметі	94
Шалагин А. Восстание 1916 года в Казахстане – I шаг к независимости	96

өзгерістерге сәйкес бірнеше ондаған жылдарға, тіптен ғасырларға созылған тарихи ой-пікірдің эволюциялық өркендеу тезінен өте келе біртіндеп қалыптасып, ақиқатқа қол жеткізді. Тарихпен айналысатындар осыны ескерулері керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жангельдин А.И. Из воспоминаний «Мой путь» // Қаһарлы 1916 жыл(Құжаттар мен материалдар жинағы).- Алматы, 1997. Т.2.
2. Асфендияров С.Д. История Казахстана.(с древнейших времен). – Алматы, 1993.
3. Әлихан, Ахмет, Мыржақып. Алаштың азаматы // «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998.
4. Қойгелдиев М. 1916 жылғы көтеріліс және ұлт зиялылары// «Қазақ тарихы», 1995. – №2.
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда.-Алматы, 1995.
6. Шоқай М. 1916 жылғы көтеріліс туралы большевиктердің өтірігі // Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы, 1998. – Т.1.
7. Рыскулов Т. Востание туземцев Туркестана в 1916 году.//Востание киргизов и казахов в 1916 году. –Бишкек, 1996.
8. Жүргенұлы Темірбек. 1916 жылғы қазақ көтерілісіндегі қала мен ауыл арасындағы наразылық //Еңбекші қазақ, 1926, 30 сентябрь.
9. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап.–Алматы, 1994.
10. Бисенбаев А.К. К вопросу о характере событий 1916 г. в Казахстане// Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение: Сб.статей... – Алматы, 1994.
11. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы.–Алматы, 1995.

ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ

Қ.Т. Жұмағұлов,

*т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дүниежүзі тарихы,
тарихнама және деректану кафедрасының профессоры,
ҚР ҰҒА Құрметті академигі*

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Ресей империясының әлеуметтік-саяси дамуының қайшылықты жағдайлары, империяның саяси өміріндегі қым-қуыт, аласапыран оқиғалар, елді дүр сілкіндірген толқулар, қоғамдық-саяси тұрақсыздық, саяси белсенділіктің барынша өршуі империяның бір аймағы ретінде Қазақстанды да шарпымай қоймады. Яғни, Алаш қозғалысы сол заманның тарихи үрдістерінің нәтижесі ретінде дүниеге келіп, қалыптасты.

Қозғалыстың басында тұрған Әлихан Бөкейханов пен Бақытжан Қаратаев сияқты аға буын қайраткерлер мен олардың ізін баса шыққан Ахмет Байтұрсынов пен Мыржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов пен Жаһанша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай мен Мұхаметжан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытов және басқа да Алаш арыстарына тән ортақ қасиет – олардың қай-қайсысы болмасын жан – жақты, сегіз қырлы, бір сырлы тұлғалар болды. Әрқайсысы нақты бір мамандықтың жоғары білікті иесі бола жүріп, саяси күрескер, жалынды публицист, әрі терең, энциклопедиялық білімі бар шынайы ғалымдар да болған. Алаш қайраткерлеріне тән тағы бір ортақ қасиет, олардың бәрінің бірдей тарихи тақырыптарға қалам тартуы. Өз халқының адал перзенттері ретінде олар қазақ тарихының әртүрлі маңызды мәселелері жөнінде терең де, шынайы ізденістер жасады.

Мысалы, негізгі мамандығы ормантанушы – ғалым, экономист болған Әлихан Бөкейхановтың тарих саласындағы жазып қалдырған елеулі мұралары – орыс тілінде жазылған «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи», «Киргизы» [1] атты монографиялары және бірқатар тарихи тақырыптағы кітаптары мен мақалалары болып табылады.

Ғалым-энциклопедист Халел Досмұхамедов та тарихтақырыпқа қалам тартты [2].

Халқымыздың тарихын объективті, ғылыми негізде зерттеуге талпыныс жасаған 20-жылдардағы қазақ зиялыларының қатарында Мұхаметжан Тынышбаевтың өзіндік үлкен орны бар. Ол қазақ халқының қалыптасуындағы оның құрамына кірген түркі тайпалары мен руларының тарихын шежіре деректері негізінде қарастырған алғашқы зерттеуші.

Алаш қайраткерлерінің қоғамдық қызметі мен шығармашылығы жөнінде әңгіме еткенде тағы бір мәселені айналып өте алмаймыз. Қозғалыс өкілдері елі мен жерінің азаттығы, еркіндегі үшін күресте түрікшілдік идеяларын ұтымды пайдаланды. Бұл бір жағынан, ерте дәуірлердегі «түркілердің ерлігін айта келіп, қазақты отаршыл үкіметке қарсы қайрап алудан» туындаса, екінші жағынан, бұған ықпал еткен түркі халықтарының түгелдей дерлік отарлыққа түсуіне байланысты басына түскен ауыр жағдайда бас біріктіруге деген ұмтылыс.

Әлемдік өркениетке өлшеусіз үлес қосқан түркі елдері бұл кезде бет-бетіне бытырап, Түркиядан басқасы түгел бодандыққа түскен болатын. Түркияның өзі күн санап әлсіреп, Еуропа державаларының қысымымен қоластындағы елдердің бірінен соң бірінен айрылып жатты. Осы тұста бүкіл түркі жұртының рухын көтеретін, олардың басын біріктіретін идея қажеттігі туды.

Түркішілдік идеясы, әсіресе Алаш қозғалысының көрнекті өкілдерінің бірі Мағжан Жұмабаев шығармашылығында ерекше көрініс тапты. 1912 жылы жазылған «Орал тауы» өлеңінен басталған бұл тақырып, кейінгі жылдары жарық көрген «Алыстағы бауырыма», «Жер жүзінде», «Қазақ тілі», «Түркістан», «Туанның бір бауында», «Орал» атты өлеңдерінде жалғасын тапты. Мағжанның бұл өлеңдерін оқи отырып, оның түркі халықтарының тарихын жете білгендігіне тәнті боламыз.

Шәкәрім Құдайбердіұлы ерте ортағасырлардағы тайпалардың ата жұртын көрсетуге мән берген. Бұл тұлға қазақ этногенезін ғұн, үйсін, қаңлы дәуірінен бастайды. Шәкәрім «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресінде» «Қазақтың түп атасы» деген тақырыппен өлең түрінде қазақ халқының шығу тегін жырлаған. Онда түркілерден бастап «Ақтабан шұбырындыға» дейінгі қазақ тарихын өлеңмен өрнектеп, маңызды оқиғаларына, тарихи тұлғаларына тоқталған.

«Адамның тұқымынан Нұқ пайғамбар,

Үш ұлы: Хам, Сам, Яфас міне осылар,

Яфастың бір баласы түрік деген

Өрбіген сонан өсіп талай жандар», - деген жолдар арқылы Шәкәрім қазақтың түп атасы түркілер екенін ашып көрсеткен [3].

Осыған орай Қазақстанның тарих ғылымы жоғарыда айтылған зиялылардың идеяларын, ойларын іске асыру жолында ертедегі көне дәуірден бастап түркілердің дүниежүзілік үрдістегі ролін терең ашып көрсетуді қазіргі таңда қажет етеді.

Қазақ елінің ежелгі және ортағасырлық тарихын жаңаша, ғылыми деңгейде объективті түрде қалыптастыру керек. Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың ұдайы жазатыны да осы. Жуырда Елбасы былай деп кеткен: «Біз жоқтан бар болған халық емеспіз. Қазақ хандығы – бұдан бес жарым ғасыр бұрын шаңырақ көтерсе де, Еуарзияның ұлы даласында орнаған арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің заңды мұрагері. Бұлар – біздің ұлы тарихымыздың көне сілемдері. Ежелгі іздің сұрлеулері бізді заманның мінберінен сөз айтуға жеткізді» [4].

Айталық, орыс тілді әдебиетте, оның ішінде Кеңес тарихнамасында Еуразиядағы, Еуропадағы, мәселен түркі тілдес ғұндардың тарихы, кейбір қысқаша шолулар болмаса, тіпті зерттелмеген деп айтуға болады. Бұл жерде ғұндар қозғалысын еуропалық мәдениетті жоюшы «азиаттар» қозғалысы ретінде сипаттаған бірқатар батысеуропалық евразистік концепцияда тұрған авторлардың ықпалы болғанын айтуымыз қажет. Оның өзі кездейсоқ емес, өйткені осы авторлар мәліметтерді кейінгі кейбір антика және ортағасырлық хронистердің (жылынамашылардың) еңбектерінен алды да және ол мәліметтерді сыни електен өткізбей, жеткілікті талдамай, сондай-ақ басқа да деректермен салыстырмай сыңар жақ пайдаланғандығынан туындаған.

Еуразия мен Еуропадағы халықтардың ұлы қоныс аударуына қуатты серпін берген ғұндар тарихы Шығыс пен Батыс тарихында өте маңызды орын алады. Бүкіл Еуропа континентін қамтыған және оның саяси, экономикалық, этникалық, мәдени дамуын түбегейлі өзгерткен бұл үрдістің шыңы ІҮ-ҮІІ ғғ. дәл келеді.

Ғұндар тайпа ұйымдары Еуропаға Орталық Азидан барған. Түркі тілдес болғандықтан олар тікелей қазақ тарихына қатысты.

ІҮ-Ү ғғ. Еуропадағы ғұндар тарихынан Еуразия тарихы да жалғасады. Шайқастармен үсті-үстіне болып отырған көшіп-қонулармен бірге ол Шығыс пен Батыстың әр қырлы әрекеттерінің, дәстүрлері мен мәдениеттерінің синтезінің, интеграциясының үлгісі де болды. Ал бұл интеграцияның нәтижесінде сапалы түрде жаңа өркениеттің, жаңа қоғамдық қатынастардың қалыптасуына ықпал етті. Осы сәтте ғұндармен байланысты халықтардың Ұлы қоныс аудару қозғалысының әсері әлемдік тарихта өзінің ролін атқарды [5].

Б.з.д. ІҮ ғ. қытайлықтар ғұндарды өздерінің қауіпті қарсыластары ретінде көрсетеді. Олардың әскери көсемдері – Хань империясымен соғыста бірталай жетістіктерге жеткен. Бірнеше ғұн-қытай соғысының барысында ғұн тайпаларының одақтары Цин императорлары жаулап алған жайылымдық жерлерді қайтарып, Қытайдан тұрақты мата мен астықтың келіп тұруына қол жеткізді. Б.з.д. ІІ ғ. бастап қытайлар өз күштерімен ғұндарды бағындыра алмағандықтан, оларға өзге көшпелі халықтардың көмегімен соққы берді. Б.з.д. ІІ ғ. бірінші жартысында ғұн тайпаларының Шығыс Қазақстанға және Жетісуға, кейін Батыс Сібірдің угор тайпаларымен бірге Орал, Каспий жағалауларына және Еділдің арғы жағындағы далаларға көшіп-қонуы басталды. Бұл аймақтарда ғұндардың жергілікті тайпа ұйымдарымен ассимиляция процесі жүрді. ІҮ ғ. ортасында олар Еділ мен Дон аймағына енді. Азов аймағы және Солтүстік Кавказдағы аландарды, Боспор патшалығын жаулап

алып, ғұндар Доннан өтіп, Оңтүстік Шығыс Еуропадағы остготтордың құрған көп тайпалы державасын 375 жылы жеңіліске ұшыратты.

Ғұндардың IV-V ғғ. Еуропа мен Еуразиядағы тарихын біз латын тіліндегі деректер арқылы жандандыра аламыз. Бұлар негізінде хроникалар (жылнамалар) ретінде жазылған. Сол деректердің ішінде әсіресе V ғ. бірінші ширегінде Фракиядағы Паний қаласында туылған, 472 ж. кейін қайтыс болған Приск Панийскийді айтқанымыз жөн. Ол 448 ж. Аттилаға, ғұндарға жіберілген Византия империясының елшілігінің қатарында болған, өзінің Аттила ордасына барған саяхатын, онымен кездесуін, ғұндардың тұрмысын, әдет-ғұрпын суреттеді.

Приск Панийский Аттиланы ірі мемлекет тұлғасы, ұлы істердің ортасындағы дана билеуші, талантты мәмлегер және әділетті сарапшы ретінде, Аттила мемлекетін Римнің қауіпті бақталасы ретінде суреттей отырып, шындықты бейнелеген [6]. Ол Батыс-Рим және Шығыс-Рим империясының қуатты ғұн патшасымен одақтасуға ұмтылысын баяндайды. Екі империя ұлы билеушінің көңілін табуда бақталасып отырды. Паннониядағы Аттила сарайында Приск ғұндарды Батысқа жасалатын жорықтан аластатуды көздеген Батыс императоры III Валентинианның елшілерін кездестірді. Әсіресе Византия Аттиламен бейбітшілік қатынаста болуға барынша күш салды. Шығыс ромейліктер деп жазады Приск «оның кез-келген талабына бағынып, оның тарапынан болатын шараларға билеушінің бұйрығы ретінде қарады». Ғұн мемлекетімен одақтасуға ұмтылған тек Батыс пен Шығыс империясы ғана емес. V ғ. 40-50 жж. Аттиланың ұлы билеуші ретіндегі атағының танымдылығы соншалық, өзге халықтардың көсемдері мен патшалары көмек сұрап отырды. Аттила сарайында бірқатар Батыс және Шығыс мемлекеттерінің елшілері болған.

451 ж. басында Аттила Батысқа өз жорығын бастады. Шешуші шайқас Шампаньдағы Каталаун даласында (лат. campus Catalaunicus) болды, қазіргі I Шалон сюр-Марн кеңістігінде. Каталаун даласындағы шайқасты Ганнибалдың тұсындағы (б.з.д. 216 ж.) Канн, Наполеонның тұсындағы Ватерлоомен (1815 ж.) қатар тұра алатын Еуропа және әлемдік тарихтағы атакты шайқастардың қатарына жатқыза аламыз [7].

Галлиядағы жағдайды Аттила жорығының ерекше кең аумағымен түсіндіруге болады. Шындығында 451 жылғы "халықтар ұрысынан" кейін ғұндардың күші әлі де қуатты еді. Аттила біріккен «Еуропа» әскерімен соғыста маневр жасауды жөн көрді. Осы пікірдің дәлелі ретінде келесі жылы Аттиланың Рим империясының жүрегі Италияға жасаған жаңа жорығын айтуға болады. Бұл біздің ойымызша ғұн қолбасшысының галл, соғысының барысында пайда болған стратегиясының мәні болар.

Галл жорығынан қайтып келісімен Аттила Шығыс-Рим империясына салық төлеу талабын қайта жандандырды. Бұнда ғұндардың күшін, жалынын әлі де ғұн билеушісінің екі Рим империясымен бірдей бәсекелеске түсіп отырғандығын көрсетеді. 452 жылғы көктемнің соңына қарай ол соғысқа жарамды әскер жинап, Италияға жаңа жорық ұйымдастыра бастады. Бұл ғұндардың екінші еуропалық соғысына алып келді (алғашқысы — Каталаун ұрысы). Ғұндар Аквилея, Конкордия, Альтин, Патавий (қазіргі Падуа), Вицетия (қазіргі Виченца), Верона, Бриксия (қазіргі Брешия), Бергамо, Милан, Тицин (қазіргі Павия) қалаларын алған.

Бүкіл Солтүстік Италия ғұндардың қолына өткеннен кейін, олардың Римге жолы ұзақ емес еді. Рим империясының қуатты әскерді тоқтататын күші болмағандықтан, Аттила әлемдік үстемдікке жақын болған еді. 4 бөліктен тұратын держава, солтүстік аймақтарында Скифия (ғұн патшалығы) Германияға дейін, оңтүстігінде Аттиланың салық төлеушілері екі Рим империясы болды. Өз территориясы мен ықпалы бойынша ол әлемнің 4 бөлігін қамтыды: шығыстан батысқа, солтүстіктен оңтүстікке қарай. 453 ж. Аттиланың өлімінде айтылған жерлеу жыры (жоктау) мәгіні түркі дәстүрлеріне ұқсас, сондықтан Орталық Азиядағы ежелгі ғұн тарихымен байланысын байқамыз. Демек, қаған Күлтегін құрметіне жазылған Орхон-енисей руналық жазбаларында шығыс түркі қағаны өз иелігінде әлемнің төрт бөлігін иеленген халықтардың барлығы туралы айтады (турт булун). Қазақ тілінде бұл "дүниенің төрт бұрышы" деген мағына береді. Осылайша ғұндар мен Аттила және шығыс-түрік қағаны туралы көрсетілген мәліметтердің арасындағы белгілі ұқсастықтарды байқауға әбден болады. Ғұн империясы шығыстан батысқа қарай-Алтайдан, Орталық Азиядан және Кавказдан Дунай мен Рейнге дейін созылды.

Аттила және оның дәуірі тарихта өшпес із қалдырды, белгілерін тек тарихи шығармалар, хроникалар және эпикалық шығармалар ғана сақтап қалған жоқ. Мәселен, германдықтардың батырлар жырының 18 шығармасында ғұндар мен оның патшасының ұлы істері көрініс тапқанын айтсақ та жеткілікті. Аттила (Этцель) есімі уақыт өте келе пайда болған лингвистикалық өзгерістеріне қарамастан орта ғасырлардан бері Германия топонимикасында сақталған.

Ғұн одағы Азия тайпаларының бірігуіне әсер етіп, қазақ халқының қалыптасуына өз ықпалын тигізіп, құрамына енді. Ғұн мұрасын әлемдік ғылымға белгілі археологиялық қазбалар арқылы байқауға болады. Соңғы жылдары қазбалар қазіргі Қазақстанда, Орталық Азия мемлекеттерінде т.б.

аймақтарда жасалды. Бұлар ғұндардың өзіндік материалдық мәдениетінің, қолөнерінің, саудасының, әскери өнерінің сөзсіз куәсі болып шығады [8].

Ғұн империясынан кейін, Батыстың тарихи аренасына VI-VIII ғасырларда Авар қағанаты шықты. Аварлар – Орталық Азиядан шыққан түркі тайпалары. Ватиканның латын деректерінде олар *Avagi*, *Avares* деп аталады.

Авар қағанаты мен Ғұн державасының тарихи сабақтастығын – көп тайпалығын, Шығыстан (Алтай, Орталық Азия аумағы, Иран) Батысқа (Византия империясы, герман тайпаларының одақтық бірлестігі мен патшалықтары) дейінгі халықаралық байланыстарының дамуын жазба деректер мен археологиялық мәліметтер дәлелдейді.

VI ғасырдағы аварлар – ғұндардан кейінгі батыстағы халықтардың Ұлы қоныс аудару барысын жалғастырушылар екендігіне манускриптердің латын тіліндегі мәтінін оқи отырып, көзім жетті [9].

Енді қыпшақтар туралы біршама толығырақ тоқталайық. Қыпшақтар – Орталық Азияның ежелгі этносы қазақтардың өзегі, олардың Дешті Қыпшақ деп аталатын өз мемлекеті мен шекарасы болды. Бұл кең-байтақ аймақ: Батысында – Сырдария, Шығысында – Ертіс, Оңтүстігінде – Жетісу, Солтүстігінде – Еділ (Волга).

Мен Ватикан кітапханасында, шығысқа – Орталық Азияға, одан шығысырақ, яғни, Монғолия мен Қытайға барған еуропалық саяхатшылардың мәліметтеріне ерекше көңіл бөлдім. Бұл тарихи деректердің айрықша түрі, халықаралық қатынастар тарихына, шаруашылыққа, тұрмысқа, әлеуметтік-саяси қатынастарға, дін мен ділге қатысты ерекше құндылығы бар.

XIII ғасырдың басынан XV ғасырдың ортасына дейін Шығыс және Орталық Азияға саяхат жасаған (өзім анықтаған) 126 есімді көрсетемін. Олардың басым бөлігі көпшілікке танымал емес. Кейбір Батыс Еуропа тарихымен айналысатын жеке мамандарға ғана танымал болуы мүмкін.

Мысалы, төмендегі есімдерді көрсетуге болады: *Balduin von Hennegau*, *Odorico da Pordenone*, *Isachus Venerio (Venier)*, *Jacobus von Florenz*, *Paschalis Hispanus de Victoria*, *Gottifredo Morosini*, *Giovanni Querini* және бірқатар саяхатшылар мен миссионерлер [10].

Мысалға, Италия саяхатшылары Орталық Азия мен Қыпшақ қағанаты (*Khanat Kiptschak*) арқылы өтетін жолдарды белгілеген. Бұл жерде «қағанат» анықтамасы «мемлекет» деген мағына береді. «Қағанат» деген түркі термині өз мазмұны бойынша «мемлекет» терминімен біртектес. Ватикан кітапханасының материалдарында Алтын Орда, Шағатай мемлекеті, олардың хандары мен билігі туралы көптеген мәліметтер бар.

Жоғарыда айтып өткендей, деректер қыпшақ қағанатын жеке саяси және мемлекеттік бірлестік ретінде суреттейді. Мысалы, Құбылай хан заманында оған Шағатай қағанаты, Қыпшақ қағанаты немесе Парсылар бағынды деп көрсету, ескірген көзқарас болып табылады.

Қазақстан тарихы, түркі әлемі және Орталық Азия тарихы үшін Рим Папалары мен Алтын Орда хандарының арасында жазылған хаттар ерекше құнды болып табылады.

Сөз болған бірегей мәліметтер Қазақстан қоғамын рухани-көрегенділік астарында тәрбиелеу үшін аса маңызды. Бұл деректік мәліметтер Қазақстан тарихы, түркі әлемі, сонымен қатар дүние жүзі тарихы бойынша іргелі еңбектер жазу үшін қажетті деректік және ғылыми қорларды толықтырады.

Пайдаланылған әдебиеттерімі:

1. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995.
2. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. Қазақ тарихы, әдебиеті мен тілі, медицина, биология, табиғаттану салаларына қатысты зерттеу мақалалары және оқулықтарынан үзінділер. – Алматы: «Ана тілі», 1998.
3. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991. –70 -76 бб.
4. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы дала ұлағаттары», «Егемен Қазақстан» Алматы, 2 қараша 2016, – б. 12.
5. Жұмағұлов Қ.Т. Ғұндардың түркі әлемі тарихындағы орны. Түркі дүниесі. Ғылыми көпшілік Альманахы. – Алматы «Интеллсервис», 2013, 136-141 бб.
6. *Priscus Panites. Historia Byzantina fragmenta*, 6 – *Fragm. Hist. Graec.* Paris, 1851
7. Жумагулов К.Т. Каталаунская битва. – Отан тарихы. Научный журнал НАН РК. Алматы, 2011, – № 2 (54), с. 11-24.
8. Жумагулов К.Т. Данные европейской археологии по истории гуннов IV – V вв. -Материалы республиканской научно-практической конференции "Проблемы изучения и сохранения историко-культурного наследия" (14 дек. 2005г.). – Алматы КазНУ, 2006. С. 10-14.
9. *Byzantinische Diplomaten und Östliche Barbaren. Aus den excerpta de legationibus des Konstantinos Porphyrogennetos ausgewählte Abschnitte des Priskos und Menander Protektor.* – Verlag Styria, Graz, Wien, Köln, 1955; *Sozomenus Kirchengeschichte von Joseph Bidez.* – Berlin, 1960.
10. См. напр., *Odorico dar Pordenone. Liber de mirabilibus mundi.* – Sinica Franciscana, p. 413-495; *Isachus Venerio. Diplomatarium Veneto-Levantineum I*, ed. G.M. Thomas. Venetiis 1880; *Gottifredo Morosini. Memorie stor. – cronol. spettanti ad ambasciatori della Repubbl. di Venezia Donazollo.*